

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 197х қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы осы қаулының қосымшасына сәйкес N 3-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 15 қарашадағы
2004 жылғы N 197х қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 26 желтоқсандағы
2003 жылғы N 1327 қаулысына
3-1-қосымша

101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2004 жылға арналған тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау"

004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 10485 мың теңге (он миллион төрт жүз сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі Конституциялық Заңы, "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы, "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі

Заңы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы, "Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі мен мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 317 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы" 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431 Жарлығы, "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: тарихи-мәдени мұраны сақтауды, есепке алуды, жинақтауды, зерделеу мен пайдалануды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тарихи-мәдени құндылықтардың республикалық деңгейде сақталуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағдарла- маның коды	Кіші бағдар- ламаның коды	Бағдар- ламалар дың (кіші бағдар- ламалар дың) атауы	Бағдарламаларды (кіші іске асыру жөніндегі іс- шаралар	Іске асыру мер. шаралары	Жауапты орындау. шылар зімі
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Тарихи- мәдени құнды- лықтар. ды сақ.	Қазақстан Республи- касы Тұңғыш Прези- дентінің Мұражайын бірлік шегінде ұстауды	жыл бой. 40	Қазақстан Республи- касы Тұңғыш Прези.

тау қамтамасыз ету. дентінің
4 факс және 6 қағаз мұражайы
жою аппараттарын
с а т ы п а л у .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өміріне, мемлекеттік және қоғамдық қызметіне қатысты материалдарды кешенді түрде жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу және жұртшылыққа танымал ету негізінде тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси ақпаратты жинақтау және зерделеу процесін мәдениеттану және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК